



NUR QORG'ALJYN НҰР – ҚОРҒАЛЖЫН

АУДАНЫҚ ГАЗЕТ 1928 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ 2012 ЖЫЛДЫҢ 1 МАУСЫМЫНАН БАСТАП ШЫҒАРЫЛАДЫ

№4 (889) 29 қаңтар 2026 жыл

[http:// http://nurgazeta.kz/](http://http://nurgazeta.kz/)

[Botagozsembaikyzy](https://www.instagram.com/Botagozsembaikyzy)

[Нұр-Қорғалжын газеті](https://www.facebook.com/Nur-Qorgaljin-gazeti)

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ



Дүниежүзілік сайлау күніне орай Қорғалжын аумақтық сайлау комиссиясының іс-шаралар жоспары бекітілді.

Бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар 26 қаңтар мен 5 ақпан аралығында өткізіледі. Іс-шаралардың негізгі мақсаты – азаматтардың сайлау заңнамасы

туралы білімін арттыру, сайлау процесінің ашықтығы мен әділдігін түсіндіру, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру және қоғамда сайлау мәдениетін дамыту.

Бүгін Қорғалжын ауданының аудандық прокуратурасында аудан прокуроры Ж.Б.Кемелбековтың қатысуымен

сайлау комиссияларының мүшелерімен дөңгелек үстел өткізілді. Кездесуде "Сайлау туралы" ҚР Конституциялық заңының негізгі ережелері, сондай-ақ сайлаушылардың сайлау құқықтарын қорғау, сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау кезеңіндегі жауапкершілігі туралы түсіндірілді.



Дүниежүзілік сайлау күні - Демократия кепілі

Жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде Дүниежүзілік сайлау күні аталып өтіледі. Бұл күн 2005 жылы өткен сайлау ұйымдарының конференциясында бекітілген. Мақсаты – сайлаудың маңыздылығы мен сайлаушылардың белсенділігін арттыру.

Сайлау туралы заңнама сайлау қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. Осы орайда Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғары заңдық күшке және ел аумағында тікелей қолданысқа ие негізгі заң болып табылады.

Сайлау – саяси науқан. Әрбір мемлекет саяси шешімдерді қабылдауда қоғаммен пікірлеседі және азаматтардың таңдау құқығына сүйенеді. Қанатқақты жоба ретінде қолға алынған әкімдердің сайлауы елдегі саяси реформаның қадам-қадаммен жүзеге асырыла бастағанын көрсетеді.

Бұрын әкімдер тағайындалып келсе, 2013 жылдан бастап, жергілікті мәслихат депутаттарының дауыс беруі арқылы жанама сайлаумен сайланды. Әкімдерді сайлау жүйесі одан әрі жетілдіріліп, ашық сайлаудың алғашқысы ауыл әкімдерінің сайлауы болды. Ол 2021 жылы сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес өтуде.

Кейін ол, яғни 2023 жылдан бастап аудан әкімін аймақтық барлық сайлаушылардың тікелей сайлауы арқылы жалғасын тапты. Аталған сайлаулар еліміздегі сайлау жүйесінің дамуына өз ықпалын тигізіп, азаматтық қоғамның нығаюына жол ашты. Сайлауларды ұйымдастыруда, өткізуде жауапкершілік жүгі түрлі деңгейдегі сайлау комиссияларына түсетіндігі ескеріліп, оларға мемлекеттік қызметкерлермен тең дәрежедегі құқық берілген. Сондай-ақ аумақтық сайлау комиссияларының кәсіби болуына байланысты жүйелі жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен оның орынбасары, хатшысы өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыруда. Бұл өз кезегінде әрбір саяси науқанды өткізетін комиссия мүшелері үшін үлкен жауапкершілік жүктейді. Қорғалжын ауданы бойынша 28 сайлау (1 аумақтық, 10 округтік және 17 учаскелік) комиссиясы сайлауды ұйымдастырады және өткізеді, онда мәслихаттар сайлаған комиссиялардың 142 мүшесі (оның ішінде АСК – 7, ОСК - 50, УСК – 85) бар. Астана қаласында «Сайлау процесін өткізудің ұйымдастырушылық аспектілері мен практикасы» тақырыбындағы семинар қорытындысы бойынша каскадты оқыту әдісімен сайлау комиссияларының барлық мүшелерін оқыту үшін аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерімен

бірге оқыту өткізу туралы шешім қабылданды. Аумақтық сайлау комиссия мүшелерін оқыту желтоқсан айында өтті. 2026 жылға Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының "Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету туралы" жұмыс жоспары бекітілді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету туралы оқыту бейнекурстар аяқталды, 142 сайлау комиссиясының мүшелері толық тестілеуден өткізілді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабының 2 және 8-1) тармақшаларына, 113-1 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына, 2 және 4 тармақтарына, Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының қаулысына сәйкес Қорғалжын ауданының Кеңбидайық, Майшұқыр және Сабынды ауылдық округтерінің әкімдерін кезекті сайлау 2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалып, өткізілді. Жұмыс ауылдық округтердің әкімдерін кезекті сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарына сәйкес жүргізілді. Науқан барысында заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

2026 жылға ауыл округтері әкімдерінің сайлауы жоспарланбаған.

2022-2025 жылдардағы сайлаулар еліміздегі саяси бәсекелестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сайлау кезіндегі партиялық тізімдерді жасақтау және парламенттік мандаттарды бөлу кезінде әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арнайы квота енгізілді. 2022 жылғы 5 маусымда өткен референдум туралы еске салсақ, онда Қазақстан азаматтары бірқатар заңнамалық актілерге енгізілген түзетулерге дауыс берді. 2023 жылғы 20 қаңтардан бастап округтік сайлау комиссиялары 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауын ұйымдастырды және өткізді.

2022 жылғы 20 қарашада біз Республика Президентін жаңа жеті жылдық мерзімге таңдадық, сондай-ақ ҚР Конституциясының 42-бабы 5-тармағына сәйкес бір адам Республика Президенті болып бір реттен артық сай-

лана алмайды. Биыл өткен Құрылтайда кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін білдірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі. Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.

Дүниежүзілік сайлау күнін белгілеу арқылы қоғам санасында демократияландыру процесін жүйелеу, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы халықты хабардар ету және сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға бейімділікті қалыптастыру үшін көптеген іс-шаралар өткізілуде.

ҚР ОСК төрағасы Н.М.Әбдіровтың «Конституцияның 30 жылдығына орайластырылған іс-шаралар жоспарын» бекіткенін, оның негізінде Ақмола облыстық сайлау комиссиясының төрағасы М.А. Садуовтың Қазақстан Республика Конституциясының 30 жылдығына арналған Ақмола облысы бойынша облыстық сайлау комиссиясының іс-шаралар жоспарының бекітілуіне орай, Қорғалжын АСК Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған аудандық іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған Қорғалжын аудандық сайлау комиссиясының әзірленген және бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Жас сайлаушылар клубы құрылып, жас сайлаушылар клубының ережесі мен жұмыс жоспары бекітілді. Жоспар бойынша 11 шара жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, Дүниежүзілік сайлау күніне арналған аудандық жоспар бекітіліп, бірнеше іс-шаралар өтті.

Қазір елімізде жүріп жатқан саяси реформаның негізгі мақсаты – қоғамды игілікке, әділеттікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, мейірбандылыққа, үйлесімділікке қарай табиғи, сапалы өзгерту.

Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы С.Нуркенова

«К.Күмісбеков атындағы Қорғалжын аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс

Ақмола облысы Қорғалжын ауданының К.Күмісбеков атындағы Мәдениет үйі (индекс 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Х. Болғанбаев көшесі, 9, анықтама үшін телефон - 8(716-37) 2-15-53, факс - 8 (716-37) 2-15-53, электрондық мекенжайы: korgrdk@mail.kz) К.Күмісбеков атындағы Мәдениет үйі директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Лауазымдық жалақысы 316 967 теңге.

Негізгі лауазымдық міндеттері: Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді; мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; сыбайлас-жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді; қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақ мерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді, жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды шығаруды ұйымдастырады; қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді; Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас – жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі; шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді; Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады; бұйрықтар шығарады, сотта,

мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мүддесіне өкілдік етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: «өнер», «мәдениеттану» немесе «стандарттау» мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және ұйымдарда басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық, стратегиялық ойлану, өзгерістерді басқару.

Конкурс «азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізудің Азаматтық қызметке кіру қағидалары» негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда №12696 болып тіркелді

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) толтырылған жеке парақ;

4) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің нотариалдық;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;

7) сыбайлас жемқорлықтың жоқтығы туралы анықтама;

Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін

арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не "E-gov" электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не "E-gov" электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей береді.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру Қорғалжын ауданы әкімі аппаратының және уәкілетті органның ресми сайтында соңғы жарияланған күнінен бастап 15 жұмыс күннің ішінде тапсырылуы тиіс.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 3 жұмыс күн ішінде Қорғалжын ауданы К.Күмісбеков атындағы Мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Объявляется конкурс на занятие вакантной должности директора Дома Культуры имени К.Кумисбекова Коргалжынского района

Дом Культуры имени К.Кумисбекова Коргалжынского района Ақмолинской области (индекс 021300, Ақмолинская область, Коргалжынский район, с.Коргалжын, ул. Х. Болғанбаева, 9, телефон для справок - 8(716-37) 2-15-53, факс - 8(716-37) 2-15-53, электронный адрес: korgrdk@mail.kz) объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора Дома Культуры имени К.Кумисбекова:

Должностной оклад 316 967 тенге.

Основные функциональные обязанности: руководит творческой, производственной, хозяйственной и финансовой деятельностью зрелищной и театрально-зрелищной организации (далее - Организация); обеспечивает сохранность и эффективное использование имущества; организует работу по борьбе с коррупцией; определяет политику и стратегию деятельности организации; организует финансовое и материальное обеспечение, разработку календарных и перспективных репертуарных планов, проката репертуара, выпуска новых и возобновляемых постановок; утверждает составы постановочных групп и исполнителей, эскизы и макеты оформления, планы и графики работ над новыми и возобновляемыми постановками; принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами и развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе, организует работу по борьбе с коррупцией; распределяет отдельные направления работы заместителей директора, руководителей творческих, производственных подразделений и должностным лицам Организации; заключает договора или совершает сделки, обеспечивает представление необходимой отчетности; заключает и расторгает трудовые договоры с работниками организации; издает приказы, представляет интересы организации в суде, государственных органах и организациях.

Требования к участникам конкурса: высшее (или послевузовское) образование по группам специальностей «искусство», «культурология» или в области «стандартизация» стаж работы на руководящих должностях в организациях не менее 3 лет лет.

Наличие следующих компетенций: стрессоустойчивость, инициативность, ответственность, ориентация на потребителя услуг и его информирование, добропорядочность, саморазвитие, оперативность, сотрудничество и взаимодействие, управление деятельностью, принятие решений, лидерство, стратегическое мышление, управление изменениями.

Конкурс проводится на основе «Правил поступления на гражданскую службу проведения конкурса на занятие вакантной должности гражданского служащего» Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 31 декабря 2015 года № 12696

Для обеспечения прозрачности и объективности работы конкурсной комиссии на ее заседании приглашаются наблюдатели.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление по форме, согласно приложению 2 к настоящему Правилам;

2) копия документа, удостоверяющего личность, гражданина Республики Казахстан;

3) заполненный личный листок;

4) копии документов об образовании и приложений к ним, засвидетельствованные нотариально;

5) копия документа, подтверждающего трудовую деятельность;

6) медицинская справка о состоянии здоровья;

7) справка об отсутствии коррупции;

Представление неполного пакета документов либо недостоверных сведений является основанием для отказа в их рассмотрении конкурсной комиссией.

Граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и репутации

(копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации, иные сведения, характеризующие их профессиональную деятельность, квалификацию).

Лица, изъявившие желание участвовать в конкурсе представляют документы в орган, объявивший конкурс, в нарочном порядке, по почте или в электронном виде на адрес электронной почты, указанный в объявлении либо посредством портала электронного Правительства «E-gov» в сроки приема документов.

При предоставлении документов в электронном виде на адрес электронной почты государственного органа либо посредством портала электронного Правительства «E-gov», их оригиналы представляются не позднее чем за один час до начала собеседования.

При их непредставлении, лицо не допускается конкурсной комиссией к прохождению собеседования.

Документы должны быть представлены в течение 15 рабочих дней со дня последней публикации объявления о проведении конкурса на сайте аппарата акима Коргалжынского района и уполномоченного органа.

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят его в здании Дома Культуры имени К.Кумисбекова Коргалжынского района в течение 3 рабочих дней со дня уведомления кандидатов о допуске их к собеседованию.

Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения собеседования и обратно, наем жилого помещения, проживание, пользование услугами связи всех видов) граждане производят за счет собственных средств.

Участники конкурса и кандидаты могут обжаловать решение конкурсной комиссии в уполномоченный орган или его территориальное подразделение, либо в судебном порядке в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Бірлік бар жерде – тірлік бар (Ұлттық құрылтай аясындағы ой-толғау)

Халқымызда «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген тамаша сөз бар. Жақында ғана Қызылорда қаласында өткен бесінші Ұлттық құрылтай — даналықтың нақты көрінісі болды. Бұл жиын — ата-бабамыздан қалған ел басқару дәстүрінің жаңа заманға сай жаңғыруы.

Біздің Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының негізгі мақсаты да — қоғамдағы ауызбіршілікті сақтау. Құрылтайда айтылған «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұстаным біздің жұмысымызға тікелей қатысты. Әсіресе, біздің Ақмола облысы сияқты сан түрлі ұлттар мен ұлыстардың, түрлі діни сенімдердің тоғысқан мекенінде ынтымақ идеялары ерекше маңызға ие. Хакім Абайдың «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөзі біздің әрбір ісіміздің темірқазығы болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Құрылтайда жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыру қажеттігін баса айтты. Осы орайда ұсынылған «Адал азамат» тұжырымдамасы — біздің орталықтың рухани бағытымен үндес. Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген нақыл сөзі бүгінгі күннің басты ұранына айналуы тиіс. Әділдік, жауапкершілік және еңбекқорлық — жаңа Қазақстанның азаматына тән басты қасиеттер. Өз дініне берік, өзгеге құрметпен қарайтын адам ғана нағыз

отансүйгіш бола алады.

«Ырыс алды — ынтымақ» екенін ескерсек, бұл басқосу қазақ қоғамын біріктіре түсетін маңызды факторға айналды. Біз тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан да жаңару кезеңіне аяқ бастық. Орталық мамандары ретінде біз де осы рухани тұтастықты сақтауға, жат ағымдардың алдын алуға және жастарымыздың рухани иммунитетін қалыптастыруға күш саламыз. Өскелең ұрпақты радикалды идеологиялардан қорғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеу — біздің басты борышымыз.

Қорыта айтқанда, Ұлттық құрылтай — елдік пен егемендіктің символы. Онда айтылған әрбір пікір, қабылданған әрбір шешім — ұрпақ қамы үшін жасалған қадам. Ендігі міндет — «Сөздің емес, істің адамы болу». Бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болғай!

А.Нұрғалиева
Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ маманы

«Отбасы – қауіпсіздік аумағы»

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қоғамда зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында Қорғалжын ауданында 02-04 ақпанның аралығында Ақмола облыстық аумағында «Отбасы – қауіпсіздік аумағы» атты профилактикалық акция өткізілді.

Аталған акцияның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға уақтылы көмек көрсету.

Акция аясында полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы органдардың, білім беру және денсаулық сақтау саласының өкілдерімен бірлесіп, профилактикалық есепте тұрған отбасылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін көзделген қылмыстық

және әкімшілік жауапкершілік, оның ішінде денсаулыққа зиян келтіру, қорқыту, ұрып-соғу және өзге де заңсыз әрекеттер туралы кеңінен түсіндірілді. Іс-шара барысында әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылып, өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда әрекет ету тәртібі, сондай-ақ психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек алу мүмкіндіктері түсіндірілді. Азаматтарға жедел және кеңес беру қызметтерінің байланыс нөмірлері көрсетілген ақпараттық жадынама таратылды.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың әрбір дерегі назар-



дан тыс қалмауы тиіс екені айтылып, мұндай жағдайлар туралы уақтылы құқық қорғау органдарына хабарлау қажеттігі ескертілді. Көмек алу үшін 102 нөміріне, 111 ұлттық сенім телефонына немесе аумақтық полиция бөлімдеріне жүгінуге болатыны жеткізілді.

Осындай профилактикалық іс-шараларды өткізу отбасы институтын нығайтуға, қоғамда қауіпсіз орта қалыптастыруға және әрбір азаматтың отбасы ішіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Ұлттық ойын – ұлт қазынасы

Қазақ халқының мәдени мұрасы мен салт-дәстүрінің бір бөлігі ұлттық ойындар десек болады. Ұлттық ойындар халықтың тұрмыс-тіршілігімен, бала тәрбиесімен, еңбегімен тығыз байланысты. Олар – ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралдарының бірі, жас ұрпақты адамгершілікке, батылдыққа, зеректікке, ептілікке баулиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында ұлттық ойындардың орны ерекше. Бұл жастағы балалардың дүниетанымы ойын арқылы қалыптасады, қоршаған ортаны тани білу, тіл байлығы мен қимыл-қозғалысы да ойын арқылы дамиды. Сондықтан балабақшада ұлттық ойындарды пайдалану – баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі.

Ұлттық ойындар балалардың дене бітімін жетілдіріп қана қоймай,

мінез - құлқын, қарым - қатынас мәдениетін, ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Ақсерек-көксерек», «Арқан тартыс», «Сақинасал», «Тақиятастамақ» сияқты ойындар арқылы балалар ұйымшылдыққа, бір-біріне көмектесуге, өзін қорғай алуға, шапшаң шешім қабылдауға үйренеді.

Мұндай ойындардың арқасында әр бала өз рөлін атқарып, тәртіпті сақтауға, достарына құрметпен қарауға талпынады. Сонымен қатар ұлттық ойындар



балаларға сөйлеу мәдениетін, сөздік қорды, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Ұлттық ойындарды өткізер алдында тәрбиеші ойынның мазмұнын түсіндіріп, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Мысалы, кіші

топтарда қарапайым қимылды ойындар – «Асық ату», «Қуырмаш», «Қалтырауық қамыр кемпір» сияқты

жеңіл түрлерін өткізу керек. Ал ересек топтарда ептілік пен ой ұшқырлығын қажет ететін «Арқан тарту», «Бәйге», «Аударыспақ» сияқты күрделірек ойындар өткізген жөн.

Қорыта айтқанда, ұлттық ойында – халқымыздың баға жетпес мұрасы, ұлт рухының айнасы. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды кеңінен пайдалану арқылы балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, патриоттық сезім мен ұлттық сана қалыптастыруға болады.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» деген сөздің мәні де осында. Әрбір тәрбиеші осы қазынаны балабақша тәрбиесінде шебер пайдалана біле, болашақ ұрпақ рухани бай, денісау, елінсүйетін азамат болып өседі.

Боранбаева Оксана
Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылының ЖОББМ жанындағы «Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиешісі

«Тәрбиеші мен бала ойындары»

Ойын – баланың өміріндегі ең маңызды іс-әрекеттің бірі. Ол арқылы бала қоршаған ортаны таниды, ойлау қабілетін дамытады, қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ал тәрбиеші мен бала арасындағы ойындар – баланың жан-жақты дамуына тікелей әсер ететін тәрбиенің тиімді құралы.

Ойынның тәрбиелік маңызы. Тәрбиеші ұйымдастырған ойындар баланың қиялын, зейінін, тілін және шығармашылық қабілетін дамытады. Ойын барысында бала өз сезімін еркін білдіреді, ережені сақтауды, өзгелермен санасуды үйренеді. Сонымен қатар, ойын баланың бойында сенімділік пен дербестік қалыптастырады.

Тәрбиешінің ойын кезіндегі рөлі өте маңызды. Тәрбиеші ойын барысында бағыт беруші, серіктес әрі бақылаушы рөлін атқарады. Ол баланың жас ерекшелігіне сай ойын түрлерін таңдап, қызығушылығын арттыруы тиіс. Тәрбиеші баламен бірге ойнап, оны қолдап отырса, бала өзін қауіпсіз әрі еркін сезінеді. Бұл өз кезегінде тәрбиеші мен бала

арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтады. Ойын түрлері өте көп, әр ойын өз маңыздылығымен ерекше.

Мысалы:

- Қимылды ойындар – баланың дене дамуын, ептілігін арттырады.
 - Сюжеттік-рөлдік ойындар – баланың қиялын дамытып, әлеуметтік рөлдерді түсінуге көмектеседі.
 - Дидактикалық ойындар – ойлау қабілетін, есте сақтау мен зейінді жетілдіреді.
 - Шығармашылық ойындар – сурет салу, құрастыру арқылы баланың талғамын дамытады.
- Тәрбиеші мен бала арасындағы ойындар – тек көңіл көтеру емес, ол тәрбиенің, оқытудың



және дамытудың маңызды құралы. Дұрыс ұйымдастырылған ойын балаға қуаныш сыйлап қана қоймай, оның тұлға ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосады. Көңіл күйді көтеріп, балалардың балабақшаға деген махаббатын арттырады. Ерекше естеліктер қалдырады.

Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылы «Балбұлақ» шағын орталығының Тәрбиешісі Жунусова Нұргүл Нұрлашқызы

"Балтабеков и К" ЖШС Ақмола облысының Қорғалжын ауданында шөгінді жыныстарды өндіру бойынша Ушарт кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасына "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімінің жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама [https сайтында](https://ndbecology.gov.kz/) орналастырылған: [//ndbecology.gov.kz/](https://ndbecology.gov.kz/).

Жария талқылаулар 05.02.2026 ж. бастап өтеді және 10 жұмыс күні ішінде, қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында жалғасады.

Бастамашысы: "Балтабеков и К" ЖШС, БСН 031240004473, заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылдық округі, Қорғалжын ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 44А ғимарат, пошта индексі 021300, тел. 8-776-318 - 41-01, email: sandumakh86@mail.ru. директоры Оралбеков Нұрлан Рамазанұлы.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖК NAZ, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, III / а. Орталық 50А / 153, тел: 87017503822.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын байланыстар және құжаттардың көшірмесімен танысады: orazalinova@list.ru, +77017503822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: exresco@mail.ru.

ТОО «Балтабеков и К», проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздела «Охрана окружающей среды» к проекту ликвидации последствий недропользования на месторождении Ушарт по добыче осадочных пород в Коргалжинском районе Ақмолинской области.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.



Публичные обсуждения состоятся с 05.02.2026 г и продлятся в течение 10 рабочих дней, на сайте Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов.

Инициатор: ТОО «Балтабеков и К», БИН 031240004473, юридический адрес: Ақмолинская область, Коргалжинский район, Коргалжинский сельский округ, село Коргалжын, улица Абая Қунанбаева, здание 44А, почтовый индекс 021300, тел. 8-776-318- 41-01, email: sandumakh86@mail.ru. Директор Уралбеков Нурлан Рамазанович.

Разработчик проектной документации: ИП NAZ, Республика Казахстан, г. Кокшетау, мкр. Центральный 50а/153, тел: 87017503822.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов: orazalinova@list.ru, +77017503822.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: exresco@mail.ru.



Құрметті жерлестер!

2005 жылғы 14-17 қыркүйекте Будапештте өткен сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясы аясында бекітілген Дүниежүзілік сайлау күні бүгінгі күні тұрақты түрде мерекеленуде.

Еуропа елдерінің сайлауын ұйымдастырушылар қауымдастығының бастамасымен Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбінде атап өтіледі.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласындағы мамандар Дүниежүзілік сайлау күнін құра отырып, бір ғана мақсатты - азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процестерін жетілдіру мәселелеріне назар аударуды көздеді.

Биылғы жылы Сайлау күні мерекесі ағымдағы жылғы 5 ақпанға сәйкес келіп отыр.

2019 жылы аудандық мәслихаттың № 1/38 09 қаңтар 2019 жылғы "Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы" шешімімен құрылған Қорғалжын ауданының сайлау комиссияларының жұмысы Конституциялық Заңға, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулыларына және Ақмола облыстық сайлау комиссиясының бекіткен жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Қорғалжын ауданында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес 28 сайлау (1 аумақтық, 10 округтік және 17 учаскелік) комиссиясы сайлауды ұйымдастырады және өткізеді, онда мәслихаттар сайлаған комиссиялардың 142 мүшесі (оның ішінде АСК - 7, ОСК - 50, УСК - 85) бар. Комиссия мүшелері өткізілген сайлау науқанында әрқашан жауапкершілік таныта біліп, жоғары деңгейде біліктіліктерін көрсете білуде. Осы салада көп жыл еңбек еткен учаскелік сайлау комиссия мүшелері Абеев Серік Едігеұлы, Саметова Орынбасар Балмагамбетқызы, Мұхатова Қаршыға Көшербайқызы, Мырзалиева Батима Орақбайқызы, Ермебаева Гүлден Нығыманқызы, Никифорова Нина Владимировна сынды ардагерлер еңбегін атап өткім келеді.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының Іс-шаралар концепциясына негізінде Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеуді атап өту сайлау ұғымын құқықтық және азаматтық бағдарлардың қалыптасқан жүйесінің нәтижесі ретінде бейнелейді.

Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шаралар осы негізге бағытталап жүргізіледі. Биылғы жылы Іс-шаралар жоспарларының мазмұндық құрылымының негізіне алынған:

1. Заң үстемдігі (26.01.2026–27.01.2026);
2. Тәуелсіздік (28.01.2026–29.01.2026);
3. Ашықтық (30.01.2026–02.02.2026);
4. Инклюзивтілік (03.02.2026–04.02.2026);
5. Кәсібилік пен алқалық (05.02.2026–06.02.2026)

бағдарлары арқылы жүзеге асырылуда. Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясы еліміздің барлық азаматтарын осы мерекемен құттықтай отырып, біздің қоғамның сайлау – мықты азаматтық қоғамы бар демократиялық құқықтық мемлекеттің ажырамас атрибуты екенін түсіне отырып, әрқашан демократияландыру және демократиялық құндылықтар жолымен дамуын тілейді.

Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Байқадамов

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Қайырлы күн құрметті жерлестер. АМАНАТ партиясы ғимаратында яғни К Күмісбекова 31 үйде 1 бөлме жалға беріледі. Бағасы айына 22 000 теңге. 87013342030 байланыс номеріне хабарласуға болады.

Ақмола облысында шамамен 6000 бала экологиялық тәрбие алуда

Ақмола облысында білім беру ұйымдарында балаларға экологиялық мәдениет қалыптастыру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалар қоршаған ортамен танысу сабақтары арқылы, ал мектептерде география, биология және табиғаттану пәндері арқылы экологиялық тәрбие алады. Бұл туралы брифинг барысында Ақмола облысы білім басқармасының қамқоршылық және тәрбиелік жұмыс бөлімінің басшысы Айгүл Магавина мәлімдеді, деп хабарлайды Өңірлік Коммуникациялар қызметінен.

Бүліс-шаралар «Адал азамат» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, оқушыларды қоршаған ортаны сақтауға үйретуге бағытталған.

«Біз балаларды табиғатты қадірлеуге, қоршаған ортаны қорғауға үйрету арқылы олардың әлеуметтік және азаматтық мәдениетін қалыптастырамыз», – дейді Айгүл Магавина. Өткен жылы облыс көлемінде бірнеше ірі экологиялық іс-шаралар өткізілді. «Жасыл әлем!» эссе конкурсына 100-ге жуық оқушы қатысты. «Табиғатты аяла» форумы мен «ProEco» жобаларының облыстық кезеңдерінде 60-тан аса оқушы белсенділік танытты. Балабақшаларда «Жасыл балабақша» жобасы жүзеге асырылып, үш ұйымда экологиялық тәрбиенің жаңа үлгілері енгізілді.

«Біз балаларға тек теори-

яны үйретіп қоймаймыз, оларды нақты жобалар мен акцияларға қатыстыру арқылы экологиялық мәдениетті күнделікті өмірде қолдануға үйретеміз», – дейді бөлім басшысы.

Сонымен қатар, балалар мектепшілік және қосымша экологиялық, биологиялық, туристік үйірмелерге қатысады. Қазіргі таңда облыстағы 377 үйірмеге 5 588 бала қатысып, олардың экологиялық сауаттылығы артып, сонымен қатар, «Болашақ сарайы» орталығында балалар заманауи жабдықталған экологиялық, биотехнологиялық және табиғи-ғылыми зертханаларда тәжірибе жасайды.

Облыстық Туризм, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық даярлық орталығы оқушыларға арналған жарыстар, турнир-



лер, семинарлар мен форумдарды ұйымдастыруда. Сонымен бірге, білім беру ұйымдарында қоқысты сұрыптау жобасы іске асырылып, балалар «Таза Қазақстан» және «Экоәлем» акцияларына волонтер ретінде қатысады. Ақмола облысының білім саласында экологиялық тәрбие беру бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүргізіліп, балалардың қоршаған ортаға жауапкершілігін арттыруға және олардың азаматтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Директор/редактор:
Ботагөз Тажимова
Дизайнер-беттеуші:
Дөненқызы Шынар

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауданы,
Қорғалжын ауылы,
Кенжебек Күмісбеков
көшесі 31,
тел: +7 778 229 34 08

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрілігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жи-
налды, баспа «Медиа-холдинг
ERNUR» ЖШС,
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Таралымы 1000 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге
міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы
фактілер үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан
жарияланбайды.